



Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 маусымда № 32740 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес

Ескерту. Жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.12.2025 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.12.2025 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсетуге қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптарды белгілейді.

2. Осы Стандартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бейінді маман - жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

2) бірінші деңгей - медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде медициналық көмек көрсету деңгейі;

3) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым (бұдан әрі – ғылыми ұйым) – денсаулық сақтау саласындағы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті, сондай-ақ медициналық, фармацевтикалық және (немесе) білім беру қызметін жүзеге асыратын ұлттық орталық, ғылыми орталық немесе ғылыми-зерттеу институты;

5) екінші деңгей - мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші деңгейде медициналық көмек көрсететін мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі;

6) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – ЖТМКК) - диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

7) клиникалық хаттама (бұдан әрі – КХ) – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

8) медициналық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – МАЖ) - денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

9) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) - адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді алғашқы қол жеткізу орны;

10) медициналық ұйым (бұдан әрі – МҰ) – медициналық ұйым - негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

11) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (бұдан әрі – МӘМС жүйесі) – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

12) пациент – медициналық көмек көрсетуді қажет ететін ауруының немесе жай-күйінің болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы болып табылатын (болып табылған) жеке тұлға;

13) стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек - тәулік бойы медициналық байқау мен емдеу қажет етілмейтін және төсек-орын беріле отырып, күндізгі уақытта медициналық байқау мен емдеу көзделетін стационарды алмастыратын жағдайларда көрсетілетін медициналық көмек;

14) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) - бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

15) үйде көрсетілетін медициналық көмек - медицина қызметкерін, мобильдік бригаданы шақырған, медицина қызметкерлерінің белсенді патронажы кезінде, емдеу үйде (үйдегі стационар) ұйымдастырылған кезде көрсетілетін медициналық көмек;

16) үшінші деңгей - жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші және екінші деңгейлердегі мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі.

3. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмекті медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

4. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

1) тәулік бойы медициналық байқау мен емдеу қажет етілмейтін және төсек-орын беріле отырып, күндізгі уақытта медициналық байқау мен емдеу көзделетін стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету;

2) заманауи технологиялар мен диагностика мен емдеу әдістерін, оның ішінде дәлелді медицина қағидаттарына негізделген ЖТМҚ қолдана отырып, стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету болып табылады.

5. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету үшін амбулаториялық және (немесе) стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде ғылыми ұйымдардың жанынан күндізгі стационарлар ұйымдастырылады.

Күндізгі стационарлар күнделікті сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Мереке және демалыс күндері жылжымалы кесте бойынша кезекші персонал жұмыс істейді.

6. Күндізгі стационарлардың штат саны осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес ұсынылады.

7. Күндізгі стационарлардың медициналық бұйымдармен жарақтандыру осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек:

1) ТМККК шеңберінде ("Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысына сәйкес);

2) МӘМС жүйесінде ("Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес);

3) ақылы негізде "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ 170/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

9. Пациенттерді ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек алуға жіберу:

осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес оныншы қайта қаралған Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесінің (бұдан әрі - АХЖ-10) кодтары бойынша аурулар тізбесіне;

осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес басым түрде стационарды алмастыратын жағдайларда көрсетілетін тоғызыншы қайта қаралған Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесінің (бұдан әрі - АХЖ-9) кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

10. Осы Стандартқа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес аурудың, операциялардың және манипуляциялардың кодтары айқындалғаннан кейін клиникалық-диагностикалық (зертханалық, аспаптық және функционалдық) зерттеулер, диагнозға және КХ-ға сәйкес бейінді мамандардың консультациялары өткізіледі.

"Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасынан үзінді ресімделеді.

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде, пациенттерді стационарды алмастыратын жағдайларда емдеуге жатқызуға жолдамаларды электрондық тіркеудің, есепке алудың, өндеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесінде пациентті тіркеуді АХЖ–10 кодтары бойынша негізгі диагнозды көрсетіп, жоспарлы емдеуге жатқызу күні көрсетіп, жолдама берген денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманы жүзеге асырады. Операциялық емдеуге жолдама берілген жағдайда АХЖ–9 кодтары бойынша операция коды көрсетіледі.

Емдеуге жатқызудың соңғы күнін кезектілікті ескере отырып, қабылдаушы денсаулық сақтау ұйымы айқындайды.

Гемодиализ және перитонеалдық диализ қызметтерін алуға жіберілген кезде қосымша нақтылайтын код көрсетіледі: Z49.1 Экстракорпоралдық диализ (бүйрек диализі) және (немесе) Z49.2 диализдің басқа түрі (перитонеалдық диализ).

11. Медициналық көмек № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша пациенттің медициналық көмек алуға хабардар етілген келісімін алғаннан кейін ұсынылады.

12. Психикалық бұзылушылық және мінез-құлықтық бұзылышылық кезінде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек (АХЖ-10 V сыныбы) "Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық

саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-224/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21712 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

13. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық оңалту "Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

14. Бес жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ дәрігерлердің қорытындысы бойынша қосымша күтімге мұқтаж ересек жастағы науқас балаларды стационарды алмастыратын жағдайларда емдеу кезінде балаға күтімді тікелей жүзеге асыратын анасына (әкесіне) немесе өзге адамға "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (бұдан әрі- № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын бере отырып онымен бірге болу мүмкіндігі беріледі.

15. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек медициналық көмектің деңгейлері (бірінші, екінші, үшінші) бойынша жоспарлы түрде көрсетіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.12.2023 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету

1-параграф. Бірінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету

16. Стационарды алмастыратын жағдайларда бірінші деңгейде медициналық көмекті бекітілген жері бойынша және (немесе) үйде (үйдегі стационар) медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманның жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

17. Бірінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету үшін көрсетілімдер:

1) тәулік бойы медициналық байқауды талап етпейтін жіті және (немесе) созылмалы аурулардың асқынуы, соның ішінде шақыртудың 4-санатына қызмет көрсеткеннен кейін МСАК ұйымдары жанындағы жедел медициналық көмек бөлімшесі бригадасы фельдшерінің (дәрігерінің) жолдамасы бойынша;

2) бекітілген халқы бар ұйымдарда динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулары бар пациенттер тобын белсенді жоспарлы сауықтыру;

3) көрсетілімдер болған кезде тәулік бойы стационардан шығарылғаннан кейін пациентті стационарды алмастыратын жағдайларда емдеуді жалғастыру болып табылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Үйде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету үшін көрсетілімдер:

1) балалардағы инфекциялық асқынулардың жоғары қатерімен үйлесетін және тұрақты алмастырушы ферментативті және бактерияға қарсы терапия алу үшін маусымдық вирустық аурулар кезеңінде оқшаулауды талап ететін орфандық аурулар;

2) тәулік бойы медициналық бақылауды талап етпейтін жағдайларда инфекциялық аурулар;

3) пациенттің жіті және созылмалы аурулар және (немесе) жарақаттар кезінде өз бетінше медициналық ұйымға баруға мүмкіндік бермейтін жай-күйі болып табылады.

19. Бірінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек:

1) дәрігердің қарап-тексеруін, көрсетілімдер бойынша бейінді мамандардың консультацияларын;

2) КХ сәйкес зертханалық зерттеулерге материал жинау (медициналық көмекті үйде көрсеткенде);

3) пациенттің жай-күйін динамикалық бағалау үшін медициналық көрсетілімдер бойынша көрсетілетін диагностикалық қызметтер;

4) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды пайдалана отырып, медициналық манипуляциялар жүргізу арқылы негізгі ауруды емдеуді (бұлшық ет ішіне және вена ішіне инъекциялар таңу);

5) паллиативтік медициналық көмек және мейіргерлік күтім көрсетуді;

6) № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрыққа сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру;

7) № ҚР-ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес медициналық ақпараттық жүйеге енгізумен есепке алу құжаттамасын мәліметтерді енгізумен және "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР-ДСМ-313/2020 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР- ДСМ-313/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес есептік құжаттаманы ресімдеу және жүргізуді қамтиды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.12.2023 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Күндізгі стационар дәрігері пациентті күн сайын жұмыс күндері қарайды, жүргізілетін диагностикалық зерттеулер мен емдеуді түзетеді, қажет болған жағдайда денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға және КЖ сәйкес қосымша зертханалық, аспаптық зерттеулер мен бейінді мамандардың консультацияларын тағайындайды. Мереке және демалыс күндері қарап-тексеру мен тағайындауларды кезекші персонал жүзеге асырады.

21. Күндізгі стационарда жағдайы нашарлаған кезде пациент жатқан МСАК ұйымының медицина қызметкерлері кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді. Медициналық көрсетілімдер болған кезде пациент емдеуді жалғастыру үшін тәулік бойы стационарға жіберіледі.

22. Жағдайы жақсарған кезде және амбулаториялық жағдайда емдеуді жалғастыру қажет болған жағдайда пациент учаскелік дәрігердің бақылауына жіберіледі.

23. Үйде медициналық көмекті учаскелік дәрігер, мейіргер және (немесе) мобильдік бригадалар (инфекциялық аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай асқынған кезде, паллиативтік медициналық көмекке мұқтаж пациенттерге қызмет көрсету үшін) көрсетеді.

Мобильді бригадалар (бұдан әрі-МБ) МСАК ұйымының жанынан ұйымдастырылады.

МБ құрамы ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі.

МБ құрамына: дәрігер (дәрігерлер), орта (орта) медицина қызметкері, психолог, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман (әлеуметтік қызметкер) кіреді.

МБ жұмысы үшін арнайы автокөлік, медициналық жабдықтарды сақтауға арналған үй-жайлар, зертханалық зерттеулерге және дәрі-дәрмектердің ағымдағы қорына материал алуға арналған жинақтамалар бөлінеді;

24. МБ шығуы жұмыс күндері сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін жүзеге асырылады.

МБ-ның бірінші шығуы мейіргердің алып жүріумен дәрігер және (немесе) фельдшер жүзеге асырады.

Одан кейінгі шығуларды дәрігердің тағайындауын орындау үшін орта медицина қызметкерлері жүзеге асырады.

Дәрігердің қайта шығуы пациенттің жағдайы нашарлаған кезде және емдеу курсы аяқталғаннан кейін пациентті одан әрі қадағалап қарау тактикасы мәселесін шешу үшін жүзеге асырылады.

25. Медициналық оңалтудағы, мейіргер күтіміне паллиативтік медициналық көмек алуға мұқтаж пациенттерді қоспағанда, стационарды алмастыратын жағдайларда бірінші деңгейде емдеу ұзақтығы сегіз жұмыс күнінен аспайтын уақытты құрайды.

Медициналық оңалтудағы пациенттерді емдеу ұзақтығы оңалту бағдарламасына сәйкес айқындалады.

Паллиативтік медициналық көмек алатын және (немесе) мейіргерлік күтімге мұқтаж пациенттерді емдеу ұзақтығы пациенттің жай-күйі ескеріле отырып айқындалады.

2-параграф. Екінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету

26. Екінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек бірінші және (немесе) екінші деңгейлердің мамандардың жолдамасы бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 26-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.12.2023 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Екінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету үшін көрсетілімдер:

1) тәулік бойы медициналық байқауды талап етпейтін диагностикалық зерттеулер, емшаралар және (немесе) манипуляциялар, операция алдындағы арнайы дайындық және (немесе) реанимациялық қолдаумен операциялар жүргізу;

2) стационардан шығарылған, терапияны жалғастыруға мұқтаж және тәулік бойы байқауды талап етпейтін стационар жағдайындағы (инсульттан кейінгі, инфаркттан кейінгі жай-күйлер және басқа да күрделі жай-күйлер) операциялық араласудан, қарқынды емдеу курсынан кейін пациенттерді емдеу;

3) қан препараттарын, қан алмастыратын сұйықтықтарды құюмен, арнайы гипосенсибилизация терапиясын, күшті әсер ететін препараттардың инъекциясы, дәрілік заттарды буын ішілік енгізумен ем жүргізу;

4) тәулік бойы медициналық байқауды талап етпейтін жағдайларда химиотерапияны, сәулелік терапияға мұқтаж пациенттерді емдеу;

5) пациенттердің денсаулығын қалпына келтіру және қолдау мақсатында, оның ішінде химиотерапиядан, сәулелік терапиядан кейін медициналық оңалту болып табылады.

Ескерту. 27-тармақ жана редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Тиісті бейіндегі бөлімшелерде мамандандырылған медициналық ұйымдарда және (немесе) екінші деңгейдегі стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек пациентке бейінді маманның қорытындысы бойынша мынадай аурулар бойынша көрсетіледі:

1) психикалық бұзылушылық және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен байланысты мінез-құлықтық бұзылушылық;

2) қатерлі ісіктер;

3) инфекциялық және паразиттік аурулар (ішек инфекциялары, бактериялық зооноздар, вакцинамен басқарылатын инфекциялар);

4) тері (контагиозды дерматоздар, инфестациялар) және венерологиялық аурулар.

29. Екінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек:

1) дәрігердің қарап-тексеруі, медициналық көрсетілімдер бойынша бейінді мамандардың консультацияларын;

2) КХ сәйкес диагностикалық, оның ішінде зертханалық, аспаптық және патологиялық анатомиялық қызметтерді (операциялық және биопсиялық материалды гистологиялық зерттеулер, цитологиялық зерттеулер);

3) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды пайдалана отырып, медициналық манипуляциялар мен операциялар жүргізу арқылы негізгі ауруды емдеуді;

4) гемодиализ және перитонеалды диализді жүргізуді;

5) химия және сәулелік терапия жүргізуді;

6) медициналық оңалтуды;

7) "Қанды және оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сапасын бақылау, сақтау, өткізу номенклатурасын, қағидаларын, сондай-ақ қанды, оның

компоненттерін құю қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № ҚР ДСМ-140/2020 бұйрығына (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-140/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21478 болып тіркелген) сәйкес қанмен, оның компоненттерімен қамтамасыз етуді;

8) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрыққа сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беруді);

9) № ҚР-ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес МАЖ деректерін енгізуімен есепке алу құжаттаманы және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрыққа сәйкес есептік құжаттаманы ресімдеу және жүргізуді қамтиды.

30. Күндізгі стационар дәрігері пациентті күн сайын жұмыс күндері қарайды, жүргізілетін диагностикалық зерттеулер мен емдеуді түзетеді, қажет болған жағдайда денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға және КЖ сәйкес қосымша зертханалық, аспаптық зерттеулер мен бейінді мамандардың консультацияларын тағайындайды. Мереке және демалыс күндері қарап-тексеру мен тағайындауларды кезекші персонал жүзеге асырады.

Бағдарламалық терапиядағы пациенттер (эфферентті терапия, гемодиализ, перитонеалдық диализ, ультрафильтрация, химиотерапия, радиотерапия) емдеу бағдарламасына сәйкес жүгінген кезде қарап-тексеріледі.

31. Күндізгі стационарда жағдайы нашарлаған кезде пациент жатқан денсаулық сақтау ұйымының медицина қызметкерлерімен кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетіледі. Медициналық көрсетілімдер болған кезде пациент емдеуді жалғастыру үшін тәулік бойы стационарға жіберіледі.

32. Жағдайы жақсарған және амбулаториялық жағдайда емдеуді жалғастыру қажет болған кезде пациент тіркелген жері бойынша МСАК маманының қадағалауына жіберіледі.

33. Екінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда емдеу ұзақтығы гемодиализдегі, перитонеалдық диализдегі, химия және сәулелік терапиядағы, бағдарламалық терапиядағы және медициналық оңалтудағы және туберкулезге қарсы препараттарды қабылдауда жағымсыз әсеріне байланысты ем алып жүрген пациенттерді қоспағанда, пациентті емдеуге жатқызу сәтінен бастап сегіз жұмыс күнінен аспайтын мерзімі құрайды.

Гемодиализдегі, перитонеалдық диализдегі, химия және сәулелік терапиядағы, бағдарламалық терапиядағы пациенттерді емдеу ұзақтығы емдеу бағдарламасына сәйкес айқындалады.

Медициналық оңалтудағы пациенттерді емдеу ұзақтығы оңалту бағдарламасына сәйкес айқындалады.

Туберкулезге қарсы препараттарды қабылдауда жағымсыз әсеріне байланысты ем алып жүрген пациенттерді емдеу ұзақтығы он жұмыс күнінен аспайтын мерзімді құрайды.

3-параграф. Үшінші деңгейдестационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету

34. Үшінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге сәйкестігі туралы қорытындысы бар денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

Пациенттерді үшінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмекті алу үшін жіберу "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандығы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

35. Үшінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек:

1) дәрігердің қарап-тексеруі, көрсетілімдер бойынша бейінді мамандардың консультацияларын;

2) КХ сәйкес диагностикалық, оның ішінде зертханалық, аспаптық және патологиялық анатомиялық қызметтерді (операциялық және биопсиялық материалды гистологиялық зерттеулер, цитологиялық зерттеулер);

3) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды пайдаланып, медициналық манипуляцияларды және (немесе) операциялар жүргізу арқылы, оның ішінде "Жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерін айқындау тәртібін және олардың тізбесін, сондай-ақ жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерінің мамандандырылған медициналық көмектің көрсетілетін қызметтері тізбесіне өту өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қазандағы № ҚР ДСМ-134/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21471 болып тіркелген) бекітілген жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерінің тізбесіне және осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес стационарды алмастыратын жағдайларда көрсетілетін АХЖ-9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялар тізбесіне сәйкес жоғары технологиялық медициналық қызметтерді ұсынумен негізгі ауруды емдеуді;

4) № ҚР ДСМ-140/2020 бұйрыққа сәйкес қанмен, оның компоненттерімен қамтамасыз ету;

5) № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрыққа сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беруді;

6) № ҚР-ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес есепке алу құжаттаманы және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрыққа сәйкес есептік құжаттаманы ресімдеу және жүргізуді қамтиды.

36. Күндізгі стационар дәрігері пациентті күн сайын жұмыс күндері қарайды, жүргізілетін диагностикалық зерттеулер мен емдеуді түзетеді, қажет болған жағдайда денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға және КЖ сәйкес қосымша зертханалық, аспаптық зерттеулер мен бейінді мамандардың консультацияларын тағайындайды. Мереке және демалыс күндері қарап-тексеру мен тағайындауларды кезекші персонал жүзеге асырады.

37. Күндізгі стационарда жағдайы нашарлаған кезде пациент жатқан денсаулық сақтау ұйымының медицина қызметкерлері шұғыл медициналық көмек көрсетеді. Медициналық көрсетілімдер болған кезде пациент емдеуді жалғастыру үшін тәуліктік стационарға жіберіледі.

38. Сәулелік терапиядағы пациенттерді қоспағанда, үшінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда емдеу ұзақтығы пациентті емдеуге жатқызу сәтінен бастап кемінде сегіз жұмыс күнінен аспайтын мерзімді құрайды.

Сәулелік терапиядағы пациенттерді емдеу ұзақтығы емдеу бағдарламасына және КХ-ға сәйкес айқындалады.

Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.12.2025 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Күндізгі стационарлардың ұсынылатын штат саны

Лауазымдардың атауы	Лауазымдардың саны
Күндізгі стационар меңгерушісі	20 төсекке 1 лауазым
Ординатор дәрігер	20 төсекке: ауысымда терапевтік бейіндегі ординатор-дәрігер лауазымы; ауысымда хирургиялық бейіндегі ординатор-дәрігер лауазымы
Күндізгі стационардың меіргері	Ауысымда 20 төсекке кемінде 2 лауазым
Емдеу кабинетінің меіргері	Ауысымда кемінде 1 лауазым

Тау кабинетінің меіргері	Ауысымда кемінде 1 лауазым
--------------------------	----------------------------

Гемодиализ қызметтер көрсететін күндізгі стационарлардың штат саны "Қазақстан Республикасында нефрологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № ҚР ДСМ-114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30187 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.12.2025 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Күндізгі стационарларды медициналық бұйымдармен жарактандыру*

Функционалдық блоктың атауы	Кол-во
Жалпы болу палатасы	
Стационарлық бактерицидті сәулелендіргіш	Палатаға - 1
Медициналық төсек	Палатаның аланы мен төсек қуатына сәйкес
Медициналық төсек үстелі	1 төсекке
Көктамыр ішіне құюға арналған Штатив	1 төсекке
Процедуралық кабинет	
Медициналық тоңазытқыш	1
Стационарлық бактерицидті сәулелендіргіш	1
Жылжымалы аспаптық үстел	1
Стерильді құралдарға арналған үстел	1
Көктамыр ішіне құюға арналған Штатив	1
Дәрі-дәрмектерге арналған шкафы	1
А және В тобындағы дәрі-дәрмектерге арналған Шкаф	1
Медициналық Термометр	5
Тонометр	1
Фонендоскоп	1
Медициналық шпатель	20
Жедел және шұғыл медициналық көмекке арналған жинақ	1

*- хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының жанындағы күндізгі стационарларды жарактандыру "Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 41 бұйрығына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32111 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.12.2025 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Стационарды алмастыратын жағдайларда емдеуге жататындарды оныншы қайта қаралған Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемісінің кодтары бойынша аурулар тізбесі

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	АХЖ-10 коды	Атауы
1	A54.0	Несеп шығаратын өзек маңы бездердің іріңсіз, несеп-жүйе төменгі бөлімдерінің гонок
2	A56.0	Несеп-жыныс жолдары бөлімдерінің хламидиялық и
3	A63.8	Жыныстық жолмен бері анықталған басқа аурулар
4	B02.9	Асқынулары жоқ белдеу тем
5	B17.9	Анықталған жіті вирустық ге
6	B18.8	Вирусты созылмалы басқа ге
7	B18.9	Анықталмаған созылмалы ви
8	B35.0	Сақал мен бас микоз
9	B35.2	Қол ұшы микозы
10	B35.3	Аяқ ұшы микозы
11	B35.6	Шап эпидермофитиясы
12	B35.8	Басқа дерматофитиялар
13	C00.0	Еріннің сыртқы бетінің қатер
14	C00.1	Төменгі еріннің сыртқы беті
15	C00.2	Еріннің сыртқы бетінің, аны ісіктері
16	C00.3	Жоғарғы еріннің ішкі бетінің
17	C00.4	Төменгі еріннің ішкі бетінің
18	C00.5	Еріннің ішкі бетінің, аны ісіктері
19	C00.6	Ерін дәнекерінің қатерлі ісік

20	C00.8	Еріннің жоғарыда көрсетілген көп орын алу шегінен зақымдануы
21	C00.9	Еріннің анықталмаған бөлігі
22	C01	Тіл түбірінің қатерлі ісігі
23	C02.0	Тілдің басқа және анықталмаған қатерлі ісігі
24	C02.1	Тілдің бүйірлік бетінің қатерлі ісігі
25	C02.2	Тілдің төменгі бетінің қатерлі ісігі
26	C02.3	Тілдің алдыңғы 2/3 бөлігінің қатерлі ісігі
27	C02.4	Тіл бадамшасының қатерлі ісігі
28	C02.8	Тілдің жоғарыда көрсетілген көп орын алу қатерлі зақымдануы
29	C02.9	Тілдің анықталмаған бөлімінің қатерлі ісігі
30	C03.0	Жоғарғы жақ сүйек қызыл иеінің қатерлі ісігі
31	C03.1	Төменгі жақ сүйек қызыл иеінің қатерлі ісігі
32	C03.9	Анықталмаған орналасуының қатерлі ісігі
33	C04.0	Ауыз қуысы түбінің алдыңғы бөлігінің қатерлі ісігі
34	C04.1	Ауыз қуысы түбінің бүйірлік бетінің қатерлі ісігі
35	C04.8	Ауыз қуысы түбінің көрсетілген бір орын алу шегінен зақымдануы
36	C04.9	Ауыз қуысы түбінің анықталмаған қатерлі ісігі
37	C05.0	Қатты таңдайдың қатерлі ісігі
38	C05.1	Жұмсақ таңдайдың қатерлі ісігі
39	C05.2	Тілшіктің қатерлі ісігі
40	C05.8	Жоғарыда көрсетілген бір орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
41	C05.9	Таңдайдың анықталмаған қатерлі ісігі
42	C06.0	Ұрттың сілемейлі қабығының қатерлі ісігі
43	C06.1	Ауыз кіріберісінің қатерлі ісігі
44	C06.2	Ретромолярлық аймақтың қатерлі ісігі
45	C06.8	Жоғарыда көрсетілген бір орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
46	C06.9	Ауыздың анықталмаған қатерлі ісігі
47	C07	Шықшыт сілекей безінің қатерлі ісігі
48	C08.0	Төменгі жақ сүйек асты безінің қатерлі ісігі
49	C08.1	Тіласты безінің қатерлі ісігі

50	C08.8	Үлкен сілекей бездерінің жоғары жағына бір немесе одан көп орын алуымен жатқан қатерлі зақымдануы
51	C08.9	Үлкен сілекей безінің анықталмаған катерлі ісігі
52	C09.0	Бадамша шұңқырының қатерлі ісігі
53	C09.1	Таңдай бадамшасы доғасының артқы (артқы) қатерлі ісігі
54	C09.8	Бадамшаның жоғарыда көрсетілгеннен одан көп орын алу шегінен тыс жатқан қатерлі зақымдануы
55	C09.9	Бадамшаның анықталмаған катерлі ісігі
56	C10.0	Көмей қақпашығы шұңқырының қатерлі ісігі
57	C10.1	Көмей қақпашығы алдыңғы бөлігінің қатерлі ісігі
58	C10.2	Ауыз-жұтқыншақтың бүйірлік бөлігінің қатерлі ісігі
59	C10.3	Ауыз-жұтқыншақтың артқы бөлігінің қатерлі ісігі
60	C10.4	Желбезек саңылауының қатерлі ісігі
61	C10.8	Ауыз-жұтқыншақтың жоғары жағына бір немесе одан көп орын алуымен жатқан қатерлі зақымдануы
62	C10.9	Ауыз-жұтқыншақтың орналасуының қатерлі ісігі
63	C11.0	Мұрын-жұтқыншақтың қабырғасының қатерлі ісігі
64	C11.1	Мұрын-жұтқыншақтың артқы қабырғасының қатерлі ісігі
65	C11.2	Мұрын-жұтқыншақтың төменгі қабырғасының қатерлі ісігі
66	C11.3	Мұрын-жұтқыншақтың жоғары қабырғасының қатерлі ісігі
67	C11.8	Мұрын-жұтқыншақтың жоғары жағына бір немесе одан көп орын алуымен жатқан қатерлі зақымдануы
68	C11.9	Мұрын-жұтқыншақтың анықталмаған катерлі ісігі
69	C12	Алмұрт тәрізді қойнауының қатерлі ісігі
70	C13.0	Жүзік тәрізді аймақ жұтқыншақтың қатерлі ісігі
71	C13.1	Жұтқыншақтың төменгі бөлігінің көмей қақпашығы қатпарының қатерлі ісігі
72	C13.2	Жұтқыншақтың артқы қабырғасының бөлігінің қатерлі ісігі
73	C13.8	Жұтқыншақтың төменгі бөлігіне көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы

74	C13.9	Жұтқыншақтың төмен анықталмаған қатерлі ісігі
75	C14.0	Жұтқыншақтың анықталмаған қатерлі ісігі
76	C14.2	Вальдейердің жұтқыншақтың қатерлі ісігі
77	C14.8	Вальдейердің жұтқыншақтың қатерлі ісігі
78	C15.0	Еріннің, ауыз қуысы мен жоғарыда көрсетілген бір немесе бірнеше алу шегінен шығып зақымдануы
79	C15.1	Өңештің мойындық бөлігінің қатерлі ісігі
80	C15.2	Өңештің кеуделік бөлігінің қатерлі ісігі
81	C15.3	Өңештің құрсақтық бөлігінің қатерлі ісігі
82	C15.4	Өңештің жоғарғы үштен бірінші бөлігінің қатерлі ісігі
83	C15.5	Өңештің ортаңғы үштен бірінші бөлігінің қатерлі ісігі
84	C15.8	Өңештің төменгі үштен бірінші бөлігінің қатерлі ісігі
85	C15.9	Өңештің жоғарыда көрсетілген бөліктерінен көп орын алу шегінен шығып зақымдануы
86	C16.0	Өңештің анықталмаған қатерлі ісігі
87	C16.1	Асқазан түбінің қатерлі ісігі
88	C16.2	Асқазан денесінің қатерлі ісігі
89	C16.3	Қақпақша кіребірісінің қатерлі ісігі
90	C16.4	Қақпақшаның қатерлі ісігі
91	C16.5	Асқазан кіші иінінің анықталмаған қатерлі ісігі
92	C16.6	Асқазан үлкен иінінің анықталмаған қатерлі ісігі
93	C16.8	Асқазанның жоғарыда көрсетілген бөліктерінен одан көп орын алу шегінен шығып зақымдануы қатерлі зақымдануы
94	C16.9	Асқазанның орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
95	C17.0	Он екі елі ішектің қатерлі ісігі
96	C17.1	Аш ішектің қатерлі ісігі
97	C17.2	Мықын ішектің қатерлі ісігі
98	C17.3	Меккель бүйірқалтасының қатерлі ісігі
99	C17.8	Жіңішке ішектің жоғарыда көрсетілген бөліктерінен немесе одан көп орын алу шегінен шығып зақымдануы қатерлі зақымдануы
100	C17.9	Жіңішке ішектің орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
101	C18.0	Соқыр ішектің қатерлі ісігі
102	C18.1	Құрт тәрізді өсіндінің қатерлі ісігі

103	C18.2	Жоғарылаған жиек ішектің к
104	C18.3	Жиек ішектің бауырлық иілі
105	C18.4	Көлденең жиек ішектің қатер
106	C18.5	Жиек ішектің көкбауырлық ісігі
107	C18.6	Төмендеген жиек ішектің қат
108	C18.7	Сигма тәрізді ішектің қатерлі
109	C18.8	Жиек ішектің жоғарыда көрсетілгеннен одан көп орын алу шегінен қатерлі зақымдануы
110	C18.9	Жиек ішектің орналасуы анықталмаған ісігі
111	C19	Тік ішек пен сигма қосылысының қатерлі ісігі
112	C20	Тік ішектің қатерлі ісігі
113	C21.0	Артқы өтістің, орны анықталмаған
114	C21.1	Артқы өтіс арнасының қатерлі
115	C21.2	Клоакагенді аймақтың қатерлі
116	C21.8	Тік ішектің, артқы өтістің өзегінің жоғарыда көрсетілгеннен көп орын алу шегінен шығатын зақымдануы
117	C22.0	Бауыр жасушалы обыр
118	C22.1	Бауыр ішілік өт түтігінің обыр
119	C22.2	Гепатобластома
120	C22.3	Бауыр ангиосаркомасы
121	C22.4	Бауырдың басқа саркомалары
122	C22.7	Бауырдың анықталған басқа
123	C22.9	Бауырдың анықталмаған қатерлі
124	C23	Өт қуықтың қатерлі ісігі
125	C24.0	Бауырдан тыс өт түтіктерінің
126	C24.1	Фатер бүртігі ампуласының қатерлі
127	C24.8	Өт жолдарының жоғарыда көрсетілгеннен немесе одан көп орын алу шегінен жатқан қатерлі зақымдануы
128	C24.9	Өт жолдарының анықталмаған
129	C25.0	Ұйқыбез басының қатерлі ісігі
130	C25.1	Ұйқыбез денесінің қатерлі ісігі
131	C25.2	Ұйқыбез құйрығының қатерлі
132	C25.3	Ұйқыбез түтігінің қатерлі ісігі
133	C25.4	Ұйқыбездің аралшықтық қатерлі ісігі (Лангерганс аралшықтары)
134	C25.7	Ұйқыбездің басқа бөлімдерінің

135	C25.8	Ұйқыбездің жоғарыда көрсетілгеннен одан көп орын қатерлі ісігі
136	C25.9	Ұйқыбездің, анықталмаған қатерлі ісігі
137	C26.0	Ішек трактісінің анықталмаған қатерлі ісігі
138	C26.1	Көкбауырдың қатерлі ісігі
139	C26.8	Ас қорыту ағзаларының жоғарыда көрсетілгеннен бір немесе одан көп орын алуымен сипатталған жатқан қатерлі зақымдануы
140	C26.9	Ас қорыту жүйесінің шегінен тыс анықталмаған қатерлі ісігі
141	C30.0	Мұрын қуысының қатерлі ісігі
142	C30.1	Ортаңғы құлақтың қатерлі ісігі
143	C31.0	Жоғарғы жақ сүйек қойнауының қатерлі ісігі
144	C31.1	Торлы қойнаудың қатерлі ісігі
145	C31.2	Маңдай қойнауының қатерлі ісігі
146	C31.3	Сына тәрізді қойнаудың қатерлі ісігі
147	C31.8	Қосалқы қойнаулардың жоғарыда көрсетілгеннен бір немесе одан көп орын алуымен сипатталған қатерлі зақымдануы
148	C31.9	Қосалқы қойнаулардың анықталмаған қатерлі ісігі
149	C32.0	Меншекті дауыс аппаратының қатерлі ісігі
150	C32.1	Меншекті дауыс аппараты үстіндегі қатерлі ісігі
151	C32.2	Меншекті дауыс аппараты астындағы қатерлі ісігі
152	C32.3	Көмей шеміршектерінің қатерлі ісігі
153	C32.8	Көмейдің жоғарыда көрсетілгеннен одан көп орын алу шегінен тыс анықталмаған қатерлі зақымданулары
154	C32.9	Көмейдің анықталмаған қатерлі ісігі
155	C33	Кеңірдектің қатерлі ісігі
156	C34.0	Негізгі бронхылардың қатерлі ісігі
157	C34.1	Бронхылардың жоғарғы өкпенің қатерлі ісігі
158	C34.2	Бронхылардың ортаңғы өкпенің қатерлі ісігі
159	C34.3	Бронхылардың төменгі өкпенің қатерлі ісігі
160	C34.8	Бронхылардың немесе өкпенің көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі ісігі
161	C34.9	Бронхылардың немесе өкпенің анықталмаған қатерлі ісігі
162	C37	Айырша бездің қатерлі ісігі

163	C38.0	Жүректің қатерлі ісігі
164	C38.1	Алдыңғы көкірек аралығының
165	C38.2	Артқы көкірек аралығының
166	C38.3	Көкірек аралығының анықт қатерлі ісігі
167	C38.4	Өкпеқаптың қатерлі ісігі
168	C38.8	Жүректің, көкірек аралығы жоғарыда көрсетілген бір нем алу шегінен шығып зақымданулары
169	C39.0	Жоғарғы тыныс алу анықталмаған бөлігінің
170	C39.8	Тыныс алу ағзалары мен кеуд жоғарыда көрсетілген бір нем алу шегінен шығып зақымдануы
171	C39.9	Тыныс алу ағзалары шегінд белгіленбеген қатерлі ісік
172	C40.0	Жауырын мен қолдың ұ қатерлі ісігі
173	C40.1	Қолдың қысқа сүйектерінің
174	C40.2	Аяқтың ұзын сүйектерінің қ
175	C40.3	Аяқтың қысқа сүйектерінің қ
176	C40.8	Сүйектер мен аяқ- шөміршектерінің жоғарыда немесе одан көп орын алу жатқан қатерлі зақымдануы
177	C40.9	Аяқ-қол сүйектері мен буын орналасу орны анықталмаған
178	C41.0	Бас сүйек пен бет сүйектерін
179	C41.1	Төменгі жақ сүйектің қатерлі
180	C41.2	Омыртқа бағасының қатерлі
181	C41.3	Қабырғалардың, төстің және ісігі
182	C41.4	Жамбас астауы, сегізкөз сүйектерінің қатерлі ісігі
183	C41.8	Сүйектер мен буын шөмірше көрсетілген бір немесе ода шегінен шығып жатқан қатер
184	C41.9	Сүйектер мен буын анықталмаған қатерлі ісігі
185	C43.0	Еріннің қатерлі меланомасы
186	C43.1	Қабактың қатерлі меланомас қоса
187	C43.2	Құлақ пен сыртқы есту меланомасы

188	C43.3	Беттің басқа және анықталмаған қатерлі меланомасы
189	C43.4	Бастың шашты бөлігі мен мүйізді қабықтың қатерлі меланомасы
190	C43.5	Дененің қатерлі меланомасы
191	C43.6	Иық буыны аймағын қоса алғандағы қатерлі меланомасы
192	C43.7	Ұршық буыны аймағын қоса алғандағы қатерлі меланомасы
193	C43.8	Терінің жоғарыда көрсетілген қатерлі меланомаларының көп орын алу шегінен шығатын қатерлі меланомалары
194	C43.9	Терінің анықталмаған қатерлі меланомасы
195	C44.0	Ерін терісінің қатерлі ісігі
196	C44.1	Қабак дәнекерін қоса алғандағы ерін терісінің қатерлі ісігі
197	C44.2	Құлақ терісі мен сыртқы есту ағзаларының қатерлі ісігі
198	C44.3	Беттің басқа және анықталмаған қатерлі ісігі
199	C44.4	Бастың шашты бөлігі мен мүйізді қабықтың қатерлі ісігі
200	C44.5	Дене терісінің қатерлі ісігі
201	C44.6	Иық белдеуі аймағын қоса алғандағы қатерлі ісігі
202	C44.7	Ұршық аймағын қоса алғандағы қатерлі ісігі
203	C44.8	Терінің жоғарыда көрсетілген қатерлі ісігінің көп орын алу шегінен шығатын зақымданулары
204	C44.9	Терінің анықталмаған қатерлі ісіктері
205	C45.0	Өкпеқап мезотелиомасы
206	C45.1	Ішперде мезотелиомасы
207	C45.2	Жүрекқап мезотелиомасы
208	C45.7	Орналасуы басқа мезотелиома
209	C45.9	Анықталмаған мезотелиома
210	C46.0	Терінің Капоши саркомасы
211	C46.1	Жұмсақ тіндердің Капоши саркомасы
212	C46.2	Таңдайдың Капоши саркомасы
213	C46.3	Лимфа түйіндерінің Капоши саркомасы
214	C46.7	Орналасуы басқа Капоши саркомасы
215	C46.8	Көп ағзалардың Капоши саркомасы
216	C46.9	Орналасуы орны анықталмаған Капоши саркомасы

217	C47.0	Бастың, беттің және мойынның беткей нервтерінің қатерлі ісігі
218	C47.1	Иық белдеуі аймағын қоса алғанда беткей нервтерінің қатерлі ісігі
219	C47.2	Ұршық аймағын қоса алғанда беткей нервтерінің қатерлі ісігі
220	C47.3	Кеуде торы беткей нервтерінің қатерлі ісігі
221	C47.4	Құрсақтың беткей нервтерінің қатерлі ісігі
222	C47.5	Жамбастың беткей нервтерінің қатерлі ісігі
223	C47.6	Дененің анықталмаған беткей нервтерінің қатерлі ісігі
224	C47.8	Беткей нервтері мен вегетативтік нерв жүйесінің жоғарыда көрсетілген одақтардан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
225	C47.9	Орналасуы анықталмаған беткей нервтерінің қатерлі ісігі
226	C48.0	Ішперде арты кеңістігінің қатерлі ісігі
227	C48.1	Ішперденің анықталған бөлігінің қатерлі ісігі
228	C48.2	Ішперденің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
229	C48.8	Ішперде арты кеңістігі жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
230	C49.0	Бастың, беттің және мойынның терең жұмсақ қатерлі ісігі
231	C49.1	Иық белдеуі аймағын қоса алғанда терең жұмсақ және дәнекер тіндерінің қатерлі ісігі
232	C49.2	Ұршық аймағын қоса алғанда терең жұмсақ және дәнекер тіндерінің қатерлі ісігі
233	C49.3	Кеуде торының дәнекер тіндерінің қатерлі ісігі
234	C49.4	Құрсақтың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі
235	C49.5	Жамбастың дәнекер және жұмсақ тіндерінің қатерлі ісігі
236	C49.6	Орналасу орны анықталмаған терең жұмсақ және дәнекер тіндерінің қатерлі ісігі
237	C49.8	Дәнекер және жұмсақ тіндерінің көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан қатерлі зақымдануы
238	C49.9	Дәнекер және жұмсақ тіндерінің анықталмаған қатерлі ісігі
239	C50.0	Емізік пен ареоланың қатерлі ісігі
240	C50.1	Сүт безінің орталық бөлігінің қатерлі ісігі

241	C50.2	Сүт безінің жоғарғы-ішкі қатерлі ісігі
242	C50.3	Сүт безінің төменгі-ішкі квадранттық қатерлі ісігі
243	C50.4	Сүт безінің жоғарғы-сыртқы квадранттық қатерлі ісігі
244	C50.5	Злокачественное нижненаружного квадранта молочной железы
245	C50.6	Сүт безінің төменгі-сыртқы квадранттық қатерлі ісігі
246	C50.8	Сүт безінің қолтықтық-артқы квадранттық қатерлі ісігі
247	C50.9	Сүт безінің жоғарыда көрсетілген категориядан көп орын алу шегінен тыс қатерлі зақымдануы
248	C51.0	Сүт безінің анықталмаған бөлігіндегі қатерлі ісігі
249	C51.1	Жыныстық үлкен ернеудің қатерлі ісігі
250	C51.2	Жыныстық ернеудің қатерлі ісігі
251	C51.8	Деліткінің қатерлі ісігі
252	C51.9	Сарпайдың жоғарыда көрсетілген категориядан көп орын алу шегінен тыс қатерлі зақымдануы
253	C52	Сарпайдың анықталмаған бөлігіндегі қатерлі ісігі
254	C53.0	Қынаптың қатерлі ісігі
255	C53.1	Жатыр мойнының ішкі бөлігіндегі қатерлі ісігі (эндоцервикса)
256	C53.8	Жатыр мойнының сыртқы бөлігіндегі қатерлі ісігі (экзоцервикса)
257	C53.9	Жатыр мойнының жоғарыда көрсетілген категориядан немесе одан көп орын алу шегінен тыс жатқан қатерлі зақымдануы
258	C54.0	Жатыр мойнының анықталмаған бөлігіндегі қатерлі ісігі
259	C54.1	Жатыр қылтасының қатерлі ісігі
260	C54.2	Эндометрийдің қатерлі ісігі
261	C54.3	Миоэпителийдің қатерлі ісігі
262	C54.8	Жатыр түбінің қатерлі ісігі
263	C54.9	Жатыр денесінің жоғарыда көрсетілген категориядан немесе одан көп орын алу шегінен тыс жатқан қатерлі зақымдануы
264	C55	Жатыр денесінің орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
265	C56	Жатырдың орналасуы анықталмаған қатерлі ісігі
266	C57.0	Анабездің қатерлі ісігі
267	C57.1	Жатырдың анықталмаған бөлігіндегі қатерлі ісігі

268	C57.2	Жатырдың дөңгелек байланыс
269	C57.3	Параметрийдің қатерлі ісігі
270	C57.4	Жатырдың анықталмаған қатерлі ісігі
271	C57.7	Әйелдердің басқа анықталмаған ағзаларының қатерлі ісігі
272	C57.8	Әйелдердің жыныс ағзаларының көрсетілген бір немесе одақтасуы шегінен шығып жатқан қатерлі ісігі
273	C57.9	Орналасуы анықталмаған, анықталмаған ағзаларының қатерлі ісігі
274	C58	Бала жолдасының қатерлі ісігі
275	C60.0	Күпектің қатерлі ісігі
276	C60.1	Еркек жыныс мүшесі басының қатерлі ісігі
277	C60.2	Еркек жыныс мүшесі денесінің қатерлі ісігі
278	C60.8	Еркек жыныс мүшесінің жоғалған бір немесе одан көп орын алған жатқан қатерлі зақымдануы
279	C60.9	Орналасуы анықталмаған, анықталмаған мүшесінің қатерлі ісігі
280	C61	Қуық асты безінің қатерлі ісігі
281	C62.0	Орнына түспеген атабездің қатерлі ісігі
282	C62.1	Орнына түскен атабездің қатерлі ісігі
283	C62.9	Атабездің, анықталмаған қатерлі ісігі
284	C63.0	Атабез қосалқысының қатерлі ісігі
285	C63.1	Енбаудың қатерлі ісігі
286	C63.2	Ұманың қатерлі ісігі
287	C63.7	Ерлердің басқа анықталмаған ағзаларының қатерлі ісігі
288	C63.8	Ерлер жыныс ағзаларының көрсетілген бір немесе одақтасуы шегінен шығып жатқан қатерлі ісігі
289	C63.9	Ерлер жыныс ағзаларының анықталмаған қатерлі ісігі
290	C64	Бүйрек түбегінен басқа бүйректің қатерлі ісігі
291	C65	Бүйрек түбегінің қатерлі ісігі
292	C66	Несепағардың қатерлі ісігі
293	C67.0	Несепқуық үшбұрышының қатерлі ісігі
294	C67.1	Несепқуық күмбезінің қатерлі ісігі
295	C67.2	Несепқуықтың бүйірлік қабырғасының қатерлі ісігі
296	C67.3	Несепқуықтың алдыңғы қабырғасының қатерлі ісігі
297	C67.4	Несепқуықтың артқы қабырғасының қатерлі ісігі

298	C67.5	Несепқуық мойнының қатерлі ісігі
299	C67.6	Несепағарлық тесіктің қатерлі ісігі
300	C67.7	Алғашқы несеп түтігінің (уретр) қатерлі ісігі
301	C67.8	Несепқуықтың жоғарыда немесе одан көп орын алуымен сипатталатын жатқан қатерлі зақымдануы
302	C67.9	Несепқуықтың анықталмаған қатерлі ісігі
303	C68.0	Несеп шығаратын өзектің қатерлі ісігі
304	C68.1	Несеп шығаратын өзек маңындағы қатерлі ісігі
305	C68.8	Несеп ағзаларының жоғарыда немесе одан көп орын алуымен сипатталатын жатқан қатерлі зақымдануы
306	C68.9	Несеп ағзаларының анықталмаған қатерлі ісігі
307	C69.0	Конъюнктиваның қатерлі ісігі
308	C69.1	Мөлдір қабықтың қатерлі ісігі
309	C69.2	Торқабықтың қатерлі ісігі
310	C69.3	Тамырлы қабықтың қатерлі ісігі
311	C69.4	Кірпікті [цилиарлық] дененің қатерлі ісігі
312	C69.5	Көз жас безі мен түтігінің қатерлі ісігі
313	C69.6	Көз шарасының қатерлі ісігі
314	C69.8	Көз бен оның қосалқы аппаратының көрсетілген бір немесе одан көп орын алуымен сипатталатын шығып жатқан қатерлі зақымдануы
315	C69.9	Көздің анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
316	C70.0	Ми қабықтарының қатерлі ісігі
317	C70.1	Жұлын қабықтарының қатерлі ісігі
318	C70.9	Ми қабықтарының анықталмаған қатерлі ісігі
319	C71.0	Үлестері мен қарыншаларының қатерлі ісігі
320	C71.1	Маңдай бөлігінің қатерлі ісігі
321	C71.2	Самай бөлігінің қатерлі ісігі
322	C71.3	Шеке бөлігінің қатерлі ісігі
323	C71.4	Қаракұс бөлігінің қатерлі ісігі
324	C71.5	Ми қарыншаларының қатерлі ісігі
325	C71.6	Мишықтың қатерлі ісігі
326	C71.7	Ми сабауының қатерлі ісігі
327	C71.8	Мидың жоғарыда көрсетілген бөлігінде көп орын алуымен сипатталатын шығып жатқан қатерлі зақымдануы
328	C71.9	Мидың, орналасу орны анықталмаған қатерлі ісігі
329	C72.0	Жұлынның қатерлі ісігі

330	C72.1	Жұлынның жылқы құйрығы
331	C72.2	Иіс сезу нервісінің қатерлі ісігі
332	C72.3	Көру нервісінің қатерлі ісігі
333	C72.4	Есту нервісінің қатерлі ісігі
334	C72.5	Басқа және анықталмаған нервілерінің қатерлі ісігі
